

**8-13 қараша аралығында өткізілген іс-шаралар жоспарының
ТАЛДАМАСЫ**

13 қараша

Апталық жоспарға сәйкес 8-13 қараша аралығында келесі жұмыстар атқарылды:

1. Күнделікті мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарларының ресімделуі тексеріліп, уақытылы бекітілуі мен электронды журналға жүктелуі бақыланды. Сабаққа қысқа мерзімді жоспарсыз келу, мұғалімдердің сабаққа дайындық деңгейі бойынша 12 қараша мектеп директорымен лездеме өткізілді.
2. Пән мұғалімдерінің электронды журналды уақытылы жүргізілуі күнделікті бақыланып, есеп берілді. Оқушылардың сабаққа қатыспаған күндерін белгілеу, бағаны уақытылы қойылуы бойынша ескертулер айтылды.
3. Оқушылардың сабаққа қатысулары күнделікті сынып жетекшілері тарапынан тексеріліп, сабақ босатқан оқушылардың себептері бойынша есеп алынды.
4. Орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқу техникасының деңгейін бақылау мақсатында орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың шығармаларды оқу барысында мазмұнын түсіну, талқылау, оқу деңгейлері бақыланды.
5. Ағылшын тілі пәні бойынша оқу техникасының деңгейін бақылау мақсатында ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың оқу деңгейлері, сөздік қорлары, берілген мәтін бойынша мазмұнын түсіну деңгейлері бақыланды.
6. Облыстық ғылыми жоба конкурсының іріктеу кезеңінен өткен 35 оқушының 30 ғылыми жобалары бойынша бейнематериалдар түсіріліп облыстық «Ақмола дарыны» орталығына қашықтықтан өтетін облыстық ғылыми жобалар конкурсына жіберілді. Пән жетекшілері жауапкершілікпен жұмысты орындады және уақытында тапсырды.
7. Алта бойы Республикалық Президенттік олимпиадаға қатысатын 11-сынып оқушысы Жұматай Саянамен Ш.Уәлиханов ат. Көкшетау университетінің оқытушылары және мектептің пән мұғалімдері дайындық жұмыстары жүргізді.
8. 11 қараша күні қолданбалы лингвистика бойынша дарынды оқушыларды анықтау және қолдау мақсатында өткізілген облыстық «Лингвистика» олимпиадасына мектепшілік олимпиаданың жеңімпазы Балсент Елдана қатысып жүлделі 1-орынға ие болды. Дайындаған ағылшын тілі пәні мұғалімдері Оспанова Ш.С., Қожахметова Р.З., орыс тілі пәні мұғалімі Жетпісбаева К.Б.
9. Элективті, таңдау бойынша пәндер, жеке және топтық курстардың оқытылуы қадағаланды. Қусаинова С.З. «Абайтану», 9в-сын., «Шешендік сөз өнері», 8а-сын. (пән мұғалімі Даулеткалиева Т.Б.) курс сабақтарына қатысып, келесі ұсынымдар мен ескертулерді берді: сабақ жоспарын ұсыну немесе «Kundelik.kz» жүктеу, сабақта шығармашылық тапсырмалар беру, АҚТ-ны пайдалану, оқушыларға

жаттауға тапсырмалар беру, шешендік сөздерді жатқа айқызу, нақты қосымша әдебиеттерді ұсыну. «Журналистика негіздері» 10а-сын., «Медиасауаттылық» 8б-сын. (пән мұғаламі Муратов М.Б.) сабақ максаттарың тақырыбына сай қою, шығармашылық, практикалық тапсырмалар беру.

10. «Олимпиадалық резерв» мектебінің жұмысы қадағаланды.

11. «Шабыт» шығармашылық тобының жұмыс жоспары негізінде орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі К.Б. Жетписбаева «Л.Н. Толстой «Кавказкий пленник» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақта әр түрлі әдіс-тәсілді қолданып максатына сай өткізді. АКТ қолданды.

12. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Т.Даулеткалиева мен А.Ахат «Абай мектептері» желісі жоспары негізінде өткізілетін республикалық семинарға дайындық жұмыстарын жүргізді.

13. 12 қараша күні 7-8 сынып оқушылары арасында математика, физика, химия, биология, география пәндерінен мектепшілік жасөспірімдер (тониор) олимпиадасын өтті. Олимпиадаға 58 оқушы қатысты. Олимпиада қорытындысы бойынша келесі аптада оқушылар марапатталады.